

Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында «Тең – әр түрлі» республикалық шығармашылық жобалар байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында «Тең – әр түрлі» республикалық шығармашылық жобалар байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: Дарынды балаларды, жастарды және педагог қызметкерлерді анықтау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, қатысушыларды қолдау, дамыту және өзін-өзі іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- ересектер, сау балалар мен денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы тиісті қызмет модельдері үшін жағдай жасау;

- қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға көмектесетін ерекше әлеуметтік-психологиялық және тұлғааралық қарым-қатынастар құру;

- қарым-қатынастар ортасын қалыптастыру, қоғамның түрлі салаларында өз бетінше және жауапты қызметке дайындықты жүзеге асыру;

- инклюзивті білім беру саласындағы инновациялық идеялар, кәсіби әзірлемелер мен идеяларды тарату;

- дарынды педагогтерді анықтау, олардың тәжірибе жинақтау үшін жағдай жасау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі жiне тәртібі

6. Байқау 2015 жылғы **24 тамыз – 24 қазан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 24 қазанға** дейін natali091254@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 72-98-99, 87021548384, Абоимова Наталья Владимировна.

8. 2015 жылғы 24 қазаннан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламторда жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін қатысушы-педагогтер - 3000 (үш мың) теңге, қатысушы-оқушылар – 1000 (бір мың) теңге төлемақы төлеуі қажет.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, Банк Центр Кредит АҚ,

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Ұстаз – Ұлы тұлға» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жамысымен бірге natali091254@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылы **24 қазанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқаудың қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары шақырылады.

13. Байқауға қатысу үшін келесі талаптарға сәйкес келетін слайд жобалары түріндегі жұмыстар қабылданады.

Оқушылар санаты үшін

- 7 – 11 жастағы топ – «Мен және менің досым» суреттермен көркемделген жазбаша әңгіме (ертегі) түріндегі денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалармен достық туралы байқау жұмысы ұсынылады;

- 12 – 17 жастағы топ – қалау бойынша қосымша фотослайдтар немесе бейне материалдар қоса тіркелген очерк түріндегі байқау жұмысы ұсынылады.

Мұғалімдердің санаттары үшін

Слайд презентациясының үлгілік мазмұн тізбегі:

- ұсынылған тақырыптың өзектілігі;
- педагогикалық кіріктіру;
- сау құрдастарымен бірлескен іс-әрекетте мүмкіндігі шектеулі балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- бірлескен шығармашылық қызмет жөніндегі фотослайдтар;

- осы бағыттағы идеялар мен жобалар;
- балалардың бірлескен қызметінің білім алу және шығармашылық бағыттағы әдістемелік зерттеулер мен жобалар;
электрондық слайд нұсқасында ресімдеу (өз тілегі бойынша қосымша бейнеролик ұсынуға болады);
жобаның көлемі 30 (мұқаба бетті қоса алғанда) слайдтар аспауы тиіс;
жұмыстар *.ppt немесе .pptx (Power Point) форматында Microsoft Office офистік пакет редакторында орындалуы тиіс.

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

15. Байқауға ұжымдық жобалар ұсынуға болады.

16. Байқауға жұмыстарының титул парағын ресімдеу тәртібі.

Байқауға жұмыстарының титул парағында көрсетілуі тиіс:

- облыс, аудан (қала) ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау тақырыбы;
- қатысушының аты-жөні, жасы.

17. Жеңімпаздардың жұмыстары әдістемелік ұсынымдарға енгізіледі.

18. Бағалау төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылады.

Мазмұн бойынша критерийлер:

ұсынылған ақпараттың мазмұны (толықтығы, шынайылығы, шығармашылық тәсілдері);
қызметтің әр түрлілігі;
сауаттылығы.

Көркемдеу критерийлері:

Слайдтарды ресімдеу дизайны (ыңғайлылығы, эстетика, жазулардың дұрыстығы, қаріптер комбинациясы, түстер, графика, визуализация);
анимация.

Жобаның құрылымы: титул слайды, ақпараттың оңтайлы көлемі, соңғы слайд.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

19. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> сайт сілтемелерінде орналастырылады.